

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ

«Гигиена – 1 және эпидемиология» кафедрасы.

Пән: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы»

Мамандық: 5В 110400- «Медициналық-профилактикалық іс

Дәріс №16

Тақырыбы: Мектепке дейінгі мекемелерді, жалпы білім беретін мектептерді, мектеп интернаттарын және кәсіби-техникалық мектептерді, гимназиялар мен лицейлерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2016 ж.

Жоспар:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

А) Мектепке дейінгі мекемелерді, жалпы білім беретін мектептерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар

Б) Мектеп интернаттарын және кәсіби-техникалық мектептерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар

В) Гимназиялар мен лицейлерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар

3. Қорытынды

4. Пайдаланылған әдебиеттер

Мақсаты: мектепке дейінгі мекемелердің жобалануы мен салынуына қойылатын гигиеналық талаптармен таныстыру.

Дәріс тезисі:

Мектепке дейінгі мекемелер өндіріс объектілері мен үлкен магистралды кешелерден аулақ, жеке бөлінген жер учаскесінде тұрғын аудан ішінде орналастырылуы керек. Жер учаскесін жылдың барлық мезгілінде балалардың әртүрлі іс-әрекеттеріне арналған мекеме ғимаратының жалғасы ретінде қарау керек. Жер учаскесінде төмендегідей функционалдық зоналар болуы керек: топтық алаңдар, жалпы дене шынықтыру алаңы, бау-бақша алаңы, шаруашылық алаңы және көгалдандыру алаңы.

Топтық алаңдар - топтық жекелендіру ережелерін сақтау үшін жасалады. Олар негізінен топтық бөлімдердің жалғасы алынатындықтан, олардың саны балалар мекемелеріндегі топтар санына сәйкес келуі керек. Учаскеде сәбилер топтық алаңдары үшін және мектеп жасына дейінгі балалардың топтық алаңдары үшін секторларға бөлінеді. Сәбилерге арналған алаңдар шуыл көзінен аулақ, ғимаратқа кіретін есікке мейлінше жақындатын орналастыру керек. Алаңдарда ауданы 40 м/кв, төбесі жабық, көлеңкелі қалқалар орналастырылады. Мұнда ойыншықтар мен құрал саймандарға арнап бірге салынған шкафтар болуы керек.

Сәбилерге арналған топтық алаңдардың жері шөптесін өсімдіктермен көгалдандырылуы керек, ал мектеп жасына дейінгі топтарда одан басқа ауданы 60 м/кв дейін тапталған жер болуы керек. Балалардың жасына қарай топтық алаңдар манежбен, тақтай-төсеулермен, өткеншектермен, баспалдақтармен, төбешіктермен және т.б. жабдықталынуы керек.

Учаске ауданының 50% көгалдандырылуы керек. Мұнда тікенекті, жемістері улы өсімдіктер болмауын қадағалау қажет. Учаскеде мектепке дейінгі топтар үшін бір балаға 0,6 м/кв есебінен бау-бақша орналастырылады. Ауылдық жерлерде бұдан басқа құстар мен жануарлар өсіру үшін ауданы 30 м/кв алаңшалар қарастырылады.

Учаскеде көлемі 15 м/кв кем болмайтын жалпы дене шынықтыру алаңдары қарастырылады, ал балалардың ясли-бақша кешендерінде - жалпы ауданы 400 м/кв екі алаңша алынады. Алаңшалардың төсеніші топырақ, ағаш, асфальт, резенкелі-битумды болуға рұқсат етіледі, аздап шөптесін өсімдіктермен когалдандырылған болуы мүмкін. Дене шынықтыру алаңшасының параметрі бойынша ұзындығы 100-150м жүгіретін жол орналастырылады.

Шаруашылық алаңшасы асхана мен кір жуатын орынға жақын, топтық алаңдардан барынша алшақ орналастырылуы керек.

Ауданы мектепке дейінгі мекеменің сыйымдылығына және елді мекендердегі коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету деңгейіне байланысты анықталады. Алаңшада қоқыс салғыштарға арнап орын бөлінеді. Қажетіне қарай ауданы 50 м/кв көп емес көкөніс сақтайтын орын жасалады.

□ Мектепке дейнгі мекемелер биіктігі 2 қабаттан жоғары емес жеке тұрғын ғимараттарға орналастырылуы керек. Балалар баспалдақпен 2 қабаттан жоғары көтерілгенде, тыныс алу, жүрек қан-тамыр жүйесіне кері әсер ететіні арнаулы зеттеулер арқылы дәлелденген. Ғимараттың жоспарлануы орталықтандырылған, блокталған және павильонды болуы мүмкін. Соңғысы ясли-бақша кешендерін жобалауда және оңтүстік аудандарда асханаларды, кір жуатын орындарды топтық бөлмелерден ерекше жекелендіру қажет болғанда қолданылады.

- Учаскедегі сияқты ғимаратта да топтық жекелендіру заңдылығы сақталуы керек, әсіресе сәбилер топтары бірінші қабатқа орналастырылып, жеке кіретін есіктермен қамтамасыз етілуі керек. Сәбилерге арналған топтық бөлім қабылдау бөлмесіне, ойнау ұйықтау, дәретхана және буфет бөлмелерінен тұрады, бұл бөлмелер өзара дұрыс байланыста орналастырылған болуы керек.

- Мектепке дейінгі балаларды топтық бөлмелерін бірінші және екінші қабатқа орналастыруға болады. Мұнда төрт топқа ортақ бір есік болуға рұқсат етіледі. Топтық бөлменің құрамына: шешінетін, ұйықтауға арналған бөлмелер, топтық бөлме, дәретхана және буфет бөлмелері кіреді. Аталған бөлмелердің биіктігі 3 м кем болмауы керек. Топтық және ойын бөлмелерінің дұрыс бағыты оңтүстік, ұйықтау бөлмесі солтүстіктен оңтүстікке қарай солтүстіктен шығысқа қарай 45С болғанда дұрыс деп алынады.

- Ойнау, топтық ұйықтау бөлмелерінде есік, терезе арқылы табиғи желдету немесе бұрыштық желдетумен қамтамасыз етілуі керек, ал 4 климаттық аудандарда олардан басқа тамақ дайындайтын бөлмеде, кір жуып кептіретін және өтектейтін бөлмелерде қосымша жасанды желдету қарастырылуы керек. Ересектер және дайындық топтарында ал балалар мен қыз балаларға арналған дәретханалар бөлек болуы керек. 95 немесе одан көп орынға есептелген мектепке дейінгі мекемелерде гимнастика мен әуен жаттығуларына арналған залдар болуы керек.

- Жалпы білім беру мектептеріне жататындар:
- 1 дәрежелі бастауыш мектептер- 1-4сынып оқушылары үшін;
- 1-2 дәрежелі негізгі мектептер - 1-5 сынып оқушылары үшін;
- 2 дәрежелі негізгі мектептер - 5-9 сынып оқушылары үшін;
- 1, 2, 3 дәрежелі орта мектептер - 1 (12) сынып оқушылары үшін; 5.2,3 дәрежелі орта мектептер - 5-11 (12) сынып оқушылары үшін;
- 3 дәрежелі орта мектептер - 9 (10)-11 (12) сынып оқушылары;
- әртүрлі мазмұндағы және әртүрлі оқу үрдістері бар гимназиялар, лицейлер.

- Жергілікті жағдайларға байланысты әртүрлі дәрежедегі мектептер жеке орналасуы немесе кешендер ретінде құрылуы мүмкін. Мысалы, тығыз орналасқан көп қабатты үйлері бар үлкен ықшам аудандарда жеке автономды оқу блоктарынан тұратын мектеп-кешен құрылысын салу ұсынылады. Ауылды жерлерде I дәрежелі бастауыш мектептер салынады.
- Гигиеналық тұрғыдан алғанда мектептегі тұрғын мекемелердің территорияларында дұрыс орналастырудың маңызы зор. Мұндайда атмосфералық ластанудың дәрежесі, шуыл сипаттамасы, көшеде жарақаттану болуы мүмкіндігінің профилактикасы есепке алынуы керек. Соңғысына толығырақ тоқталу керек. Көшеде жарақат алу, балалар мен жасөспірімдер ауруларының ішінде бірінші орында тұрғаны отандық және шетелдік әдебиеттерде дәлелденіп көрсетілген.

- 1. Мектептерді орналастырудың негізгі варианты-тұрғын үйлердің бойына транспорт магистралінен 100 м көбірек қашықтыққа, тұрғын кварталдар ішінде орналастыру болып табылады,
- 2. Мектептерді квартал ішіндегі (бір сағатта 1-90 машина жүретін) жолдардың бойына салуға болады. Квартал аралық (бір сағатта 100-200 машина жүретін) жолдардың немесе транспорт магистралдарының бойына салуға болмайды.
- Мектептерді квартал ішіне орналастыру - ауа құрамын және шуыл тәртібінің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Мектептің жер учаскесінде мынандай функционалдық алаңдар бөлінеді: денешынықтыру - спорт алаңы, оқу-тәжірибе алаңы, демалыс, әскери дайындық және шаруашылық алаңдары.

- Спорттық және әскери-дайындық алаңдарын сынып бөлмелерінің терезе жағына орналастыруға болмайды. Снаряд лақтыруға және доп ойнауға арналған алаңшалар басқа бөлмелердің терезелерінен 25 м-ден артық қашықтықта орналасуы керек, ал егер бұл алаңдар 3 м биік қорғанмен қоршалған болса терезелерден ара қашықтығы 15 м кем болмауы керек.
- Шаруашылық алаңы асхананың өндіріс бөлмелеріне кіретін жақта оқу- тәжірибе алаңына жақын орналасуы керек. Метеорологиялық және географиялық алаңшалар мектеп ғимаратынан оның 2,5 есе биіктетілген есептелген қашықтықта орналасуы керек. Мектеп учаскесін көгалдандыру оның жалпы ауданының 40% кем болмауы керек, ал 4А климаттық аудандарда - 50% кем болмауы керек.

- ~~Учаскеде мектеп ғимаратына өрт сөндіргіш машиналардың жақын келуі үшін және олар ғимаратты айналып және алатындай қолайлы жолдар қарастырылуы керек. Мектеп учаскесінің территориясы биіктігі 1,2 м кем емес қорғанмен қоршалуы керек. Ықшам аудан ішінде мектеп қорғанын жасыл ағаштар отырғызу арқылы жасауға болады. егер учаске көшеге және транспорт жолдарына жақын тұрса - биік қорған орнату арқылы бөледі.~~

Жалпы білім беру мектептерінің ғимаратының құрылысын 4 этаждан, арнаулы мектептерді 3 этаждан жоғары етіп салуға болмайды. Бірінші сыныпқа арналған бөлмелерді төртінші қабатқа орналастыруға болмайды, ал қалған оқу бөлмелерінің алатын орны этаж ауданының 25%-тен аспауы керек. Сынып бөлмелерінің ең жақсы бағытталуы 65-тен 200 -қа дейін оңтүстікке қарай 45° . солтүстік кеңістікке қарай 120-дан 200 -қа дейін' Қазіргі кездегі мектеп ғимаратының құрылысы оның сыйымдылығын ұлғайтуға қарай бағытталумен сипатталады. Яғни, қазіргі қала салу ерекшелігі халық тығыздығының өсуі, тұрғын аудандарда көп қабатты үйлердің көбеюіне байланысты болып келеді.

Халық тығыздығының өсуі мектептегі балалар санының көбеюімен және ірі ықшам аудандарда оқушылар санына байланысты мектеп жүктемесінің ұлғаюымен қатар жүреді. Мысалы, 5 этажды құрылысы бар ықшам ауданның 40 га ауданында 1400 халық тұрады, оның 2520 мектеп жасындағы балалар, ал тоғыз этажды құрылыстарда осыған сәйкес 1860 және 348.

- Сонымен қатар, оқу бағдарламасының өзгеруі сабақ жүргізудің жаңа құралдары мен әдістерін қолдану, салауаттандыру шараларын күшейту т б осындаи жағдайлар бөлмелер құрамын кенейтуді қажет етеді.
- Мектептердің сыйымдылығын жоғарылатуда экономикалық жағдайдың да маңызы бар, яғни бір орынның құны мен оны пайдалану шығындары Мысалы, 640 орынға есептелген мектептің бір оқушы орнына арналған құны 320 орынға арналған мектепке қарағанда 30% дейін арзанырақ түседі Бұл айтылғандар мектеп ғимараттарының құрылысын үлкен сыйымдылықпен салудың артықшылығын көрсетеді. Бірақ, бір мекемеге өте үлкен балалар мен жасөспірімдер ұжымын біріктіру гигиеналық талаптарды да арылтуды қажететеді:
 - -ауылшаруашылықтың көбеюінің алдын-алу;
 - -шуыл деңгейінің жоғарылауымен күрес жүргізу;
 - -Әртүрлі мақсатқа арналған бөлмелердің коммуникациялық байланысын қамтамасыз ету;
 - -мектеп ғимаратының архитектуралық-жоспарлану композициясын ыңғайластыру.

Қорытынды

Көптеген елдерде (АҚШ, ФРГ, Франция) 4000-5000 оқушыларға арналған ірі мектептерді салу тәжірибеленіп жүр. Бірақ, шетел тәжірибесін механикалық түрде қабылдап алу біздің мақсатқа сәйкес келе бермейді. Біздің, еліміздегі тәжірибелер, 1500 және одан да көп орынға есептелген мектептерді пайдалану тек жоғарыда айтылған кемшіліктер ғана емес, сонымен қатар, мектепті басқарудың, сабақ кестесін құрастырудың қиындайтынын, оқушылардың да, оқытушылардың да алмасуға арналған уақыттарының ұзақтығын көрсетеді.

Әдебиет:

Қазақ тілінде

Негізгі:

1.Иманалиев Ш.И. Балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы ,-Алматы.

ҒЫЛЫМ

баспа орталығы.2008.

2.Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.

Оқулық-Алматы «Ғылым».-2002.-300бет.

Қосымша:

1.Төлемісов А.М., Қасмақасов С.Х Қазақстан Республикасының мектеп жасындағы балаларының физикалық дамуын есептеу және бағалау әдісі. Әдістемелік құралы.- Алматы 2008.-230 бет.

2.Гигиена детей и подростков: Учебник(Под ред В. Кучма.-М.

ГЭОТАРМЕДИА,2008-480с.

3.Кучма В.Р Гигиена детей и подростков при работе с видео-дисплейными терминалами.-М. Медицина, 2000,-160с.

Қорытынды сұрақтар:

1. Мектепке дейінгі мекемелерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар
2. Жалпы білім беретін мектептерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар
3. Мектеп интернаттарын және кәсіби-техникалық мектептерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар
4. Гимназиялар мен лицейлерді жоспарлау мен құрылыс жүргізуде қойылатын гигиеналық талаптар

*НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

